



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Теңгерім мен
талап
тоғысында

3-бет



Сапа мен сұраныс
кемімейді

4-бет



«Тірі мұра»
түгенделуі тиіс

8-бет



Баға тұрақтандырудың баламасыз тетігі



Әлеуметтік әділеттілік пен азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың стратегиялық тапсырмаларының бірі. Сонымен қатар, Президент биылғы Жолдауында халықты сапалы әрі қолжетімді азықтүлікпен қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтіп, делдалсыз сауда жүйесін қалыптастыруды, жергілікті өндірушілерді қолдауды және бағаны тұрақтандыру тетіктерін күшейтуді тапсырды. Осы тапсырманы жүзеге асыру аясында Қарағанды қаласында облыс әкімдігі мен «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының бірлесуімен жаңа әлеуметтік сауда павильоны ашылып, тиімді бағамен азықтүлік өнімдерін ұсыну ісі жолға қойылды. Жоба – фермерден тікелей тұтынушыға дейінгі тізбекті қамтамасыз етіп, делдалдықты жою, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау бағытындағы нақты әрі жүйелі қадам. Қарағандылықтар енді әлеуметтік маңызы бар тауарларды базар нарқынан 10-20% төмен бағамен сатып алып, отандық сапалы өнімге еркін қол жеткізе алады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Баға қолданыстағы нарықтан төмен

Жобаның негізгі мақсаты – жұртшылықты сапалы әрі қолжетімді азықтүлікпен қамту, жергілікті фермерлерді қолдау және нарықтағы бағаның негізсіз өсуіне тосқауыл қою. Осы орайда

павильон жұмысымен танысып, тұтынушылар мен кәсіпкерлерден пікірін тыңдадық.

Қазыбек би ауданы, Сатыбалдин көшесі, 11/1 үй мекенжайындағы павильонда тек Шет ауданының ауыл шаруашылығы кооперативтері мен шаруа қожалықтарынан әкелінген ет өнімдері сатылуда. Мұндағы ерекшелік – өнімнің сапасы жоғары, ал, бағасы нарықтан төмен.



2-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге)	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 14 500	6 ай 13 770,14 12 ай 27 540,28	10 141,30 20 282,60
Жеке жазылулар үшін	12 айға 6000	6 ай 6 141,30 12 ай 12 282,60	5 891,30 11 782,60

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге)	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4 800	11 082,60	10 682,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



Анықтама телефоны:



41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Дербестік Декларациясы

«Тауды көрсен күн көзімен таласқан, аспан көрсен ай мен күнге жол ашқан. Менің байтақ республикам таулары, менің көгім мөлдіреген сол аспан» деп бастапты сырбаз ақын Сырбай Мәуленов «Менің Республикам!» өлеңін. Иә, жылдар жылжып, уақыт өз арнасымен алға озса да, кей күндердің ел жүрегіндегі жылы естелігі ешқашан өшпейді. 1990 жылдың 25 қазаны – сондай тарихи күн. Бұл – әр қазақ баласының жүрек түпкірінен өшпестей орын алған күн. Себебі, дәл осы күні Қазақ елі «Мен!» деп сөйлеп, болашағын өз қолына алуға алғаш заңды қадам жасады. Бұл – бір халықтың тағдыры түбегейлі өзгеріп, тарихтың жаңа парағы ашылып, рухы түлеген, тәуелсіздікке бастар жолдың түпқазығы еді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республика күні – еліміздің мемлекеттік егемендігімен қоса, ғасырлар бойы бодандық бұғауында болған елдің өзінің саяси, экономикалық және рухани тәуелсіздігіне ұмтылған азаттық аңсарының заңды түрде айшықталған күні. Осы күннен бастап, дербес мемлекет ретінде таныта бастады.

Қазақ халқы өз жерінде енді иесіз емес, өз тағдырында беймаза емес, болашағына басқаның бұйрығымен емес, өз еркімен бағыт беретін елге айналды.

Міне, арада отыз жылдан астам уақыт өтсе де, бұл күннің тарихи салмағы мен саяси мәні кеми қойған жоқ. Қайта жыл өткен сайын қадірі артып, ел рухын асқақтатар Ұлттық мерекеге айналды.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ

КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны қабылдады. Бұл құжат – қазақ халқының мемлекеттік дербестікке деген заңды құқығын ресми мойындатқан аса маңызды тарихи акт болды.

Бұл декларацияда тұңғыш рет – Қазақстанның мемлекеттік егемендігі, жерінің тұтастығы мен бөлінбейтіндігі, халықтың билікке ие болуы, мемлекеттік тілдің мәр-



тебесі, халықаралық қатынастардағы дербестік, ішкі заңнаманың үстемдігі, ұлттық валютаны енгізу құқығы, өз азаматтығы мен мемлекеттік рәміздерін бекіту құқығы ашық әрі батыл түрде жария етілді.

Бұл тарихи құжат Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының негізін қалап, 1991 жылғы Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңның қабылдануына жол ашты.

Кеңес Одағының шекпенінен шыққан мемлекеттердің ішінде Қазақстан егемендігін құқықтық негізде алғашқылардың бірі болып жариялады. Алайда, ол кезеңде бұл оңай шешім болған жоқ. Сын сағатында батыл қадамдар жасауға тәуекел ететін тұлғалар саусақпен санарлық еді.

Сол күнгі Жоғарғы Кеңес сессиясында академик Салық Зимановтың тарихи Декларация жобасын таныстырып, депутаттардың жүздеген сұрағына тапжылмай жауап беруі – азаматтық ерліктің символына айналды.

3-бет

Баға тұрақтандырудың баламасыз тетігі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Себебі жеткізу тікелей, делдалсыз жүзеге асады. Атап айтсақ, сүйекті еттің келісі – 2 900 теңге, сом ет – 3 200, жамбас еті – 3 500, қазы – 4 000, мойын, сирақ еті – 1 500 теңгеден.

Бұған қоса, павильонда «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы (ӨКК) арқылы жеткізілген негізгі азықтүлік өнімдері де төмен бағамен сатылуда. Бұл өнімдер – күнделікті тұтынатын тауарлар. Мысалы, сұйық май – 740 теңге, ұн (жоғары сорт) – 237, күріш – 408, макарон өнімдері – 330, тұз – 69, жұмыртқа (10 дана) – 450, сүт (3,2%) – 359 теңгеден.

Одан бөлек, көкөніс өнімдері де халыққа қолжетімді бағамен ұсынылып отыр. Нақтырақ айтсақ, сәбіз – 132 теңге, пияз – 112, қырыққабат – 126 теңге, картоп – 128 теңгеден.

Ал, нан өнімдерінің де бірнеше түрі бар. Қара нан (Бородинский) – 216 теңге, «ХМК» бөлке наны – 135, «Сарыарқа-Нан» бөлкесі – 95, батон – 215 теңге және «ХМК» батон – 195 теңгеден.

Бұл баға деңгейі – қаладағы базар мен супермаркеттердегі орташа бағадан 10-20% төмен. Осының өзі – әлеуметтік жобаның халық үшін қаншалықты маңызды екенін аңғартады.

Павильон ашылғалы бері тұрақты тұтынушыға айналған қала тұрғыны Виктор Лазги-ев әлеуметтік сауда нүктесінің тиімділігін ерекше атап өтті:

– Осы маңайда тұрамын. Әлеуметтік павильонды өте ыңғайлы етіп құрған екен. Бағалары көңілге қонымды. Бұл маңайда зейнет жасындағы кісілер көп. Ет арзан, көкөністер, сүт өнімдері де сапалы. Наны да дәмді. Шет ауданының өнімдері көңілден шықты. Ашылғалы бері осында келіп жүрміз. Күніне нан, сүт аламыз. Бүгін қант, көкөніс, ет алдық. Осындай павильон қаланың барлық ауданында болғанын қалаймыз, – дейді Виктор Сергеевич.

Ал, зейнеткер Балжан Адамова да павильонның пайдасы туралы өз ойын ашық білдіріп, алғысын айтып.

– Бағалары қолжетімді. Әкімдік жақсы жұмыс істеп жатыр. Зейнеткерлерге осындай арзан багадағы азықтүлік керек қой, әрине. Бала-шаға, немере бағып отырмыз. Өткенде жылқы еті мен қазысын алғам. Тұздап қойдым, көңілден шықты. Жас мал екен, семіз. Бүгін литрін 450 теңгеден сүт алдым. Сәбіз, картоп алдым. Енді үнемі келіп тұрамын. Баға көтерілмесе екен, – деп атап өтті зейнеткер.

Делдалсыз саудада береке бар

Павильон жетекшісі Болат Тәкішев жобаның мәні мен болашағы туралы айтып, фермерлердің өз өнімдерін сатуға құлшына кіріскеніне тоқталды.

– Мұндағы етті Шет ауданы-



ның фермерлер тікелей ауылдан делдалсыз әкеліп отыр. Бағасы сондықтан да 2900, 3200-ден басталады. Халық риза, келіп жатыр. Көкөніс мол. Нан, мен картоп жақсы өтуде. Қала әкімдігі мен облыс әкімдігіне ел риза. Алдағы уақытта сүт өнімдерін көбейтпекпіз. Арнайы бір орын ашып, адам отырғызамыз. Сүт, қаймақ, күрт, ірімшік және тағы басқа өнімдер болады. Мұнда үш шаруа қожалығының жетекшісі тұр. Бірі – Ақжалдан, екеншісі – Ақшоқыдан, енді бірі – Нұраталдыдан. Кесте бойынша келеді. «Сарыарқа» СПК-ның арнайы өнімдері де бар. Сұйық май, қант, жұмыртқа, ұн, макарон сияқты. Бағасын арзандатып беріп отыр. Мәселен, жұмыртқа 45 теңгеден. Картоп пен жұмыртқаны осындағы бағамен қаланың еш жерінен таппайсыз, – деді Болат Жұматайұлы.

Нұраталды ауылындағы «Темірбек» шаруа қожалығының өкілі Гүлім Анаева бұл павильонның ашылғанын фермерлер үшін таптырмас мүмкіндік деп отыр.

– Нұраталды ауылынан «Темірбек» шаруа қожалығынан келдік. Жылқы малын өсіреміз. Бұрын жәрменкеге барушы едік, арасында. Қазір осындай мүмкіндік жасаған соң, тікелей осында келеміз. Жылы әрі жайлы орын. Бір байталдың етін әкелдік. Шамалы ғана қалды, – дейді Гүлім Анаева.

Тұрақтандыру қоры, интервенция әрі жүйелі бақылау

Қарағанды қаласы әкімдігінің өкілдері мұндағы жұмысты күнделікті қадағалап, бағаның өспеуін, араға делдалдың кірмеуін бақылап отыр.

– Бұл әлеуметтік павильон облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес ашылды. Ет, сүт, бакалея өнімдері күнделікті жеткізіледі. Бағалар базардағыдан шамамен 10-20% аралығында төмен. Қала әкімдігі бағаға тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отыр. Кез келген негізсіз қымбаттауға жол

берілмейді, – деді Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Дастан Құдабаев.

Мәселен, павильонға күн сайын 3-5 ірі қара малдың еті әкелінеді. Бұл шамамен 700 келіге жуық ет деген сөз. Сонымен қатар, жұмыртқа, макарон, нан және басқа да азықтүліктер тұрақты сатылымда бар.

Әлеуметтік сауда желісі бұнымен шектелмейді. Дастан Құдабаевтың айтуынша, дәл осындай екі павильонның құрылысы Өліхан Бөкейхан ауданы орталығы Майқұдықтың 14-шағын ауданында және Березов көшесінде салынууда. Ол жерден жоғарғы және төменгі Майқұдық тұрғындары арзан бағамен азықтүлік алатын болады.

– Алдағы уақытта бұл жоба қаланың басқа секторларында да жалғасын табады. Қазір қаланың Михайловка, Сұрыптау секілді бөліктерінде жаңа орындар қарастырылып жатыр. Бағдарламаның ауқымы кеңейе береді, – деді әкім орынбасары.

Бір айта кетерлігі, бұл павильондарда фермерлер делдалсыз, тікелей сауда жасайды, ал, павильон әкімшілігі тарапынан жалдау ақысы мен коммуналдық төлемдер алынбайды.

– Біз Шет ауданы әкімдігімен келісімге келдік. Олар өз өңіріндегі бірнеше шаруа қожалықтарымен жұмыс істеуде. Бұл – бір ғана фермердің емес, бүкіл ауданның әлеуетін пайдалану деген сөз. Азықтүлік базардағыдан әлдеқайда арзан, – деп қосты Дастан Құдабаев.

Тұрақтандыру қоры бағаны өсірмейді

Халықты әлеуметтік маңызы бар азықтүлікпен қолжетімді бағамен қамтуда маңызды рөл атқаратын тетіктің бірі – тұрақтандыру қоры. Бұл қор арқылы қала мен облыс нарығында бағаның негізсіз өсуіне жол бермей, тұтынушыларға қажетті өнімдер дер кезінде жеткізіледі.

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жанындағы



тұрақтандыру қорының жұмысы туралы қорды басқару департаментінің директоры Елтай Мейрамов кеңінен айтып берді.

– Қазіргі таңда тұрақтандыру қорында 384 тонна көлемінде өнім сақтаулы. Құны – 143 миллион теңге. Оның ішінде, 253 тонна – қант, 35 мың литр – өсімдік майы, 67 тонна – күріш, 29 тонна – қарақұмық бар. Бұдан бөлек, тағы 129 мың литр өсімдік майы және 203 тонна қант жеткізу сатысында тұр. Сонымен қатар, қарақұмық пен күрішке қосымша сатып алу туралы хабарландыры жарияланды, – дейді Елтай Мейрамов.

Өнімдердің барлығы отандық өндірушілерден алынған. Мысалы, қант – Тараз қант зауытының өнімі, өсімдік майы – Шығыс Қазақстан, қарақұмық – Павлодар өңірінен, макарон мен ұн – Қарағанды диірмен комбинаты мен жергілікті ірі наубайханалардан жеткізіледі.

Тұрақтандыру қоры арқылы қалаға үздіксіз жеткізілетін өнімдердің қатарында 9 миллион дана жұмыртқа, 4,3 миллион дана бөлке нан, 275 тонна макарон және 1200 тонна ұн бар.

Бұл өнімдер тікелей келісім-шарт негізінде ірі сауда орталықтарына жіберіледі. «Норма», «Оптим», «Южный», «Корзина» секілді сауда желілері мен 22 әлеуметтік павильон осы өнімдерді төмен бағамен сатуға жауапты.

– Жұмыртқа өндірісі – форвардтық келісімшартпен тұрақты негізде жүргізіледі. Мысалы, қыркүйек айында шамамен 500 мың дана жұмыртқа жеткізілді. Қазаннан бастап көлем артып, 1 миллионға жетсе, қараша – 1,2 миллион, желтоқсан айына – 1,4 миллион жұмыртқа жоспарланған, – дейді Елтай Мейрамов.

Баға өссе, өнім нарыққа шығады

Тұрақтандыру қорының басты міндеті – баға тұрақтылығын сақтау. Егер статистика бойынша белгілі бір өнімге баға өсімі тір-

ды, – дейді Елтай Мейрамов.

Сауда орталықтарында сатылатын мұндай өнімдер арнайы белгімен таңбаланатынын атап айту керек. Дерекке сүйенсек, кейбір сауда үйлерінде «әлеуметтік полка», кейбірінде «социальная продукция» деген белгі тұрады. Бұл – сол өнімнің тұрақтандыру қорынан екенін көрсетеді. Бақылау күн сайын жүргізіледі. Қала әкімдігі, кәсіпкерлік бөлімі және ауыл шаруашылығы басқармасы бірлесіп, мониторинг жасап отырады.

Бұдан бөлек, бірінші сұрыпты ұннан жасалған нан өнімдерінің бағасын тұрақты деңгейде ұстау үшін жергілікті наубайханалармен өзара келісімдер жүргізілуде. Қазір нан бағасы 130-135 теңге аралығында сақталуда. Сонымен қатар, макарон өнімдері 273 теңге бағамен сатылымға шығарылған. – Қазір жұмыртқа 40 теңгеден

бастап сатылуда. Сонымен бірге, облыстағы үш ірі құс фабрикасы жұмыртқаны 47-48 теңге бағасымен саудалауда. Бұл шаралардың барлығы облыс әкімдігінің қолдауымен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен шаруа қожалықтарының қатысуымен жүзеге асырылуда. Қабилданып жатқан шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Берік Токмұрзин.

Әлеуметтік павильон – мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі, ауыл мен қаланы, өндіруші мен тұтынушыны тікелей байланыстыратын тиімді алаң. Бағаны тұрақтандырудың басты жолы – делдалсыз тікелей сатылым. Мұндай жобалар Қарағанды қаласының әр бөлігінде кезек-кезеңімен ашылуда.

Халықтың сенімі мен оң бағасы, фермерлердің белсенділігі, әкімдік тарапынан тұрақты бақылау мен қолдау бұл жобаның сәтті жалғасуының кепілі дер едік...

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• Өңірлерді дамыту

Көпір пайдалануға берілді

Қарқаралы өңірінің шағын елдімекендерінің бірі – Аппаз ауылында тұрғындардың көп жылдар бойы көкейінде жүрген мәселе шешімін тапты. Енді ауыл адамдары өзен үстінен қауіпсіз әрі ыңғайлы өту мүмкіндігіне ие болды. Мұнда ұзындығы 83 метр болатын заманауи аспалы жаяу жүргіншілер көпірі салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Ауылды екіге бөліп ағатын Аппаз өзені тұрғындардың күнделікті тіршілігіне біраз қиындық тудырып келген еді. Әсіресе, көктемгі тасқын мен күзгі жауын кезінде өзен суы көтеріліп, бір беттен екінші бетке өту қаупі болатын. Сол себепті оқушылар мектепке бару үшін, егде жастағылар дәрігерлік пунктке немесе дүкенге жету үшін айналма жолмен жүруге мәжбүр еді.

– Бұл көпір – біздің көптен бергі арманымыз еді. Бұрын өзен-



нен өту үшін тәуекелге баратынбыз. Енді балаларымыз мектепке, тұрғындар жұмысына қауіпсіз

бара алады, – дейді ауыл тұрғындары.

Көпірдің жалпы ұзындығы –

83 метр, ені – 1,2 метр, ал тіреулері мен аркалықтары тот баспайтын беріктендірілген металл конструкциядан жасалған. Арнайы қоршаулар мен жарық шамдары орнатылып, тұрғындардың тәуліктің кез келген уақытында қауіпсіз өтуіне жағдай жасалған.

Ауыл халқы көптен күткен нысанның ашылу салтанатына түгел жиналды. Тұрғындар мердігер ұйымның еңбегіне де жоғары баға берді.

Қарқаралы ауданында соңғы жылдары ауылдарды дамытуға бағытталған бірқатар инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – осы Аппаз ауылындағы аспалы көпір құрылысы. Мұндай жобалар елдімекен тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, ауылдың тартымдылығын күшейтуге, ең бастысы – халықтың қауіпсіздігі мен тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған.

Өз тілшімізден Қарқаралы ауданы

• РЕСМИ

Оң нәтиже – реформалар жемісі

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының оқыту мен білім беру саласындағы халықаралық TALIS-2024 зерттеуінің қорытындысы бойынша Қазақстанның білім беру жүйесінде оң өзгерістер байқалды. Бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың білім сапасын арттыру және педагог мәртебесін көтеру бағытындағы бастамаларының нәтижесін көрсетеді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

TALIS зерттеуі білім беру ортасын, педагогтердің еңбек жағдайларын, кәсіби даму мүмкіндіктерін, оқыту тәжірибесі мен кәсіби ұстанымдарын бағалайды. Зерттеуге 7 мыңнан астам қазақстандық педагог пен 36 мектеп директоры қатысты.

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова 2018 жылмен салыстырғанда мұғалімдер әкімшілік жұмыстарға аз тартылып, сабақ беруге және ата-аналармен, қамқоршылармен байланыс жасауға көбірек уақыт бөле бастаған.

Зерттеу нәтижелері педагогтердің еңбек жағдайында айтарлықтай оң өзгерістер барын байқатты. Мәселен, өткен оқу жылында еліміздегі педагогтердің орташа апталық жүктемесі 36 сағатты құрады. Ал, 2018 жылы бұл көрсеткіш 50 сағат болған. Мұндай қысқарту – ҰБДҰ елдерінің ішінде ерекше жағдай.

Сондай-ақ, педагогтердің орташа жасы 41 жасты құрады. Бұл көрсеткіш ҰБДҰ елдеріндегі орташа деңгейден 4 жасқа төмен екенін көрсетеді. Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар педагогтердің де үлесі жылдан-жылға артып келеді.

Теңгерім мен талап тоғысында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазір бұл ахуалды өзгертіп, инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Соның ішінде тарифтерді ырықтандыру, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын басқарудың жаңа моделін қалыптастыру сияқты шаралар бар. Мұндай үлгі бойынша тарифтер өскен сайын халыққа сенімді әрі сапалы қызмет көрсетілуге тиіс» деген еді. Мемлекет басшысы Жолдауында көтерген маңызды мәселе бүгінде әрбір қазақстандыққа тікелей әсер етіп отыр. Жаңа тарифтік модельдер, шын мәнінде, инфрақұрылымды жанарта ала ма? Дүрбі қамдап көрелік...

Ерканат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Баға емес, бағыт маңызды

Қоғамда тариф мәселесіне келгенде туындайтын басты сауал бар: «Қымбаттаудың соңы қайда апарды?» деген алаңдаушылық. Әсілі, тек баға жайлы емес, сенім мен сапа жайындағы сындарлы сауал рәуішті. Мемлекет басшысы Жолдауында атап өткеніндей, тариф өссе, қызмет сапасы да қатар артуы тиіс. Осы негізгі қисын сақталған жағдайда ғана халық пен билік арасындағы сенім бекиді. Ал, селкеусіз сенім – кез келген реформаның басты дінгегі. Ең алдымен айтпақ керек, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің өкілдері елімізде тарифтік саясат пен коммуналдық инфрақұрылымға инвестициялар арасындағы теңгерім сақталатындығын мәлім етті. Бұл нені аңдтады? Демек, республика аясында инфляцияны 10-11% деңгейінде тежеу әрі жылдың соңына дейін халық үшін коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуіне жол бермеу жөніндегі шараларды іске асыру жалғасын табады. Атаулы қадамдар бағаны әлеуметтік маңызды салаларда бірқалыпты ұстап тұруға, экономиканың тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

Бүгінгі тарифтік саясат – өткен күннің қателіктерін түзетіп, болашақтың инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталған жауапты іс. Табиғи монополияларды реттеу комитетінің инвестиция мен тариф арасындағы тепе-теңдікті сақтау бастамасы саланы дамытудың экономикалық қана емес, әлеуметтік маңызы бар екенін айшықтаса керек. Сапалы жылу, үздіксіз жарық, таза су, шынтуайтында, әркімге ауадай қажетті қарапайым қажеттіліктер ғана емес, азаматтың лайықты өмір сүру құқығының ажырасам бөлігі. Сондықтан, санқырлы саладағы өміршен өзгеріс – әр үйдің табалдырығын аттайтын маңызды шешім. Күрделі кезеңде жүйелі ойласты-



Коллажды жасаған Шығар Аманжол

рылған тарифтік реформа жадағай есеп-қисап емес, елдің болашағы. Болашақта сенімді, тиімді, заманауи инфрақұрылымға бастар жол. Ендігі міндет айтылған сөздің іске айналуын бақылау, сапа мен әділеттілікті орнықты негізде талап ете білу. Мүдде ортақ.

Тұтынушы мен байланыс операторы

Кейінгі кезде қарағандылықтарды ұялы байланыс пен интернет тарифінің өсуі туралы хабарламалар легі ойландырады. Әсілі жаңалық емес. Жылма-жыл біз осы қызметтер үшін көбірек ақша береміз. Есесіне, байланыс та, ғаламтор жылдамдығы да жақсара қоймағаны да шындық. Абонентке бағаны көтеруді жөнекей хабарлама арқылы таңу дұрыс па? Тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамының басшысы және Қазақстан тұтынушыларының республикалық қауымдастығының басшысы Жасұлан Айтмағанбетовтің айтуынша, шын мәнінде, мұндай жағдайда абонент пен компания арасында жасалған шарт біржақты тәртіппен бұзылады. Әрі ол ұялы байланыс операторлары табиғи монополиялардың субъектілері болып табылмайтынын алға тартты. Негізінде тариф бағамын абоненттердің қатысуымен бақылауға болатындай сәтті ілгерілету қажет екенін айтты.

– Телефон тарифіне қатысты түйткіл бар! Интернет сапасы да аса қуанта қоймайды. Сондықтан, бізге пакеттерге енгізілетін қызметтер – СМС-қызметтер, әлеуметтік желілер арқылы шексіз интернет те бара-бара қажет болмай қалуы кәдік. Егер осы салада қандай да бір әділ бәсекелестік болса, тариф атаулысы барынша ашық болуы шарт еді. Ақиқатында тарифтік саясат, менің ойымша, тұтынушының құқықтарын қолдауы керек, – деп тұжырым ойын қоғам белсендісі Ольга Юрковская.

Спикердің сөзінше, оның қолындағы құжат-шартында компания тарифті негізсіз көтере алмайтындығы баса белгіленген. Ал, бағам көтерілсе, қызмет сапасын да көтере түсу қажет.

– Мәселен, менде 20 гигабайт интернет болса да, оны пайдалана қоймаймын. Керісінше, оператор маған 27 гигабайт жүктеп қойып,

тариф құнын 25%-ға бірақ аспандатады. Ашуым келеді! Бұл «Біз сізге жылу беруді тамыз айына дейін ұзартамыз да, үйіңіз ыстық болса, оған мән бермейміз» деген сынды көрінеді екен. Сонда тұтынушы құқығын қорғау қайда? – деп қайран қалады Ольга Юрковская.

Рас-ау, мұндай мәселеге қатысты көтерілген ойлар легі жекелеген тұтынушының назы мен назырауы емес, тұтас қоғамның көкейіндегі күрмеулі түйіннің бір көрінісіндей. Байланыс пен интернет игілігі осы күні қарым-қатынас құралы, жұмыс, оқу, тұрмыс-тіршіліктің бөлінбес бөлшегіне айналғалы қашан. Сондықтан, әрбір сарп етілген теңге үшін лайықты қызмет алуға деген талап – әділеттілікке ұмтылудың да бір белгісі. Тарифтің жалпыға ашықтығы, қызмет сапасының тұрақты түрде жақсаруы компания беделінің кепілі, сонымен қатар, тұтынушы құқығын құрметтеудің де айшықты айғағы. Ендеше келер күні байланыс операторлары өз абоненттерін серіктес ретінде көріп, олардың пікірін ескеру арқылы ғана сенімге ие болмақ. Тұтынушы үнінің естілуі – өркениетті қоғамның өлшемі. Ал, әділдік пен ашықтық орнаған ортада ғана нағыз сапа мен сенім салтанат құратыны – аксиома.

Жаңғырту жолында

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғыртудың Ұлттық жобасы шеңберінде мемлекет тарабы тариф атаулысының өсуін тежеу үшін қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялайды. Бұл туралы Үкіметте өткен баспасөз мәслихатында Табиғи монополияларды реттеу комитетінің төрағасы Тимур Қосымбаев мәлімдеді, деп хабарлады Kapital.kz іскерлік ақпарат орталығы.

– Тарифтердің өзгеруіне қатысты ұлттық жоба бойынша субсидиялау тетіктері көзделген, яғни, қарыз қаражаты тарифке, негізгі борышқа және сыйақы бойынша пайыздық мөлшерлемеге салынатын болады. Бірақ, тарифке қысымды мейлінше төмендету үшін республикалық бюджеттен берілетін субсидиялар сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін жа-

батын болады. Осылайша, біз тарифтің күрт өсуін теңестіреміз. Жалпы, келесі жылға арналған жоспарларға келсек, тарифтер 20-30% шегінде өсуі мүмкін, – деп атап өтті ол. – Ұлттық жобаны іске асыру үшін инвестициялар тартылады. Инвестиция көздері екінші деңгейдегі банктер арқылы тікелей кредиттеу тетіктерін айқындады. Халықаралық қаржы институттарымен келіссөздер жүргізілуде.

Ол 2025-2029 жылдарға арналған энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғыртудың ұлттық жобасын іске асыру нәтижесінде ағымдағы жылы табиғи монополиялар субъектілерінің қандай объектілері қызыл аймақтан сары аймаққа шығатынын да түсіндірді.

– Пилоттық жобалар шеңберінде көзделген инвестициялардың нәтижесінде бұл электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру салаларына қатысты, жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде алты субъект қызыл аймақтан сарыға ауысады. Осылайша, олардың инфрақұрылымдық жағдайы жақсарады, – деп түсіндірді Тимур Қосымбаев.

Оларға «Қарағанды Жарық» ЖШС, Алматыда «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, Өскемендегі «Өскемен Су Арнасы» МКҚ, Түркістан облысындағы «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС жатады.

– Бұл қазірдің өзінде сары аймаққа көшетін субъектілер, ал, жыл нәтижелері бойынша біз іске асырылған инвестициялық іс-шаралардың қорытындылары бойынша қосымша талдау жүргіземіз, – деп түсіндіре кетті спикер.

Естеріңізге сала кетейік, жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыруға энергетикалық және коммуналдық секторларға 10 трлн теңгеден астам инвестиция қажет болады. Биыл елдің электр станцияларында 10 энергия блогын, 63 қазандықты және 39 турбинаны күрделі жөндеу көзделген. Қазірге дейін 5 энергоблокта, 30 қазандықта және 19 турбинада жұмыстар жүргізілу үстінде. 4 энергия блогын, 15 қазандықты және 9 турбинаны жөндеу аяқталған. Өткен жылмен салыстырғанда еліміздегі жылу электр орталықта-



рының орташа тозу деңгейі 64%-дан 61%-ға дейін төмендеді. ЖЭО тозу дәрежесі бойынша ең қауіпті қалалардың үштігіне Арқалық, Саран және Степногорск кіреді.

Түйіндей айтқанда

«Тарифтік саясаттың ертені қандай болмақ?» дегенімізде, бағам атаулысының мемлекеттік саясаттың әлеуметтік және экономикалық тепе-теңдігінің өлшемі екендігін ұмытпақ жок. Әр тұрғынның есеп-шотындағы сандар легі инфрақұрылымның жағдайын, басқарудың тиімділігін, ел ішіндегі сенім мен жүйелілікті сипаттайтын көрнекті көрсеткіш. Сондықтан, тарифтік реформа – есеп-қисаптың емес, әділет пен тиімділіктің айналасындағы күрделі нұсқа іспетті. Мемлекет бүгінгі таңда тарифтерді ырықтандырумен қатар, олардың өсуінің халыққа әсерін азайту үшін нақты қадамдар жасауда. Қаржы секторы арқылы субсидиялау, инвестиция тарту, жаңа басқару модельдерін ендіру сынды кешенді бастамалар сырттай техникалық тәртіпте көрінгенімен, шын мәнінде, қарапайым тұтынушының күнделікті өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған стратегиялық ауқымды шаралар. Алайда, тарифті көтеру – соңғы шешім емес. Бұл – сенім сынағы. Қоғамда көпшіліктің көкейінде жүрген сауал сол қалпында тұр. «Тариф өсті, ал, сапа қайда?» дей-тұғын. Сұрақтың жауабы да – реформаның сәтті, не сәтсіз болуын анықтайтын негізгі өлшем. Тегінде, тарифтің артуы тек экономикалық қажеттілікпен емес, сонымен бірге, әлеуметтік әділеттілікпен де негізделуі тиіс. Яғни, әр қосымша теңге – тұтынушыға көрсетілетін қызметтің артуымен, сапасымен, тұрақтылығымен өлшенуі қажет. Егер бұрын тариф өскен сайын, оны негіздейтін құжаттар мен түсіндірмелер қарапайым тұтынушыға жетпей жатса, енді ашықтық пен қоғамдық бақылау – басты талапқа айналып келеді. Мұндай жерде мемлекеттік органдар ғана емес, байланыс операторлары, қызмет көрсетуші компаниялар да сенімді серіктес болуға тырысады.

Байыпты бастамалардың бәрі дерлік инфрақұрылымдық жаңғыруға жол ашатын уақытша көпір. Бірақ, көрінеу көпірдің екі жағы бар: бірінде – мемлекет пен операторлар, екіншісінде – халық. Егер байланыс әлсіз болса, көпір құлайды. Сондықтан, алдағы жылдары тарифтік саясаттың тиімділігі – қабылданған шаралардың қаншалықты әділ, айқын, және жауапты жүзеге асырылуына тікелей байланысты болады. Жаңа тарифтік модель де – болашақтың инфрақұрылымын құру үшін жасалып жатқан маңызды қадам. Модельдің сәтті іске асуы қомақты қаржы мен техникаға емес, халықтың сенімі мен үмітіне де тәуелді. Осы сенім үзіліп қалауы үшін үкімет те, бизнес те ортақ жауапкершілікті сезінуі тиіс. Тариф өсімі – мемлекеттің, бизнестің және азаматтық қоғамның өзара сенімі мен әрекеттесуінің шарайнасы. Бұл айнада әділет пен сапа көрініс тапса, елдің инфрақұрылымдық болашағы да жарқын болмақ.



Білімді берешектен қорықпайды

Қаржылық қиындыққа тап болған азаматтарға өз қаражатын тиімді басқаруға және берешек мәселесін шешуге көмектесу – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі. Осы мақсатта Қарағанды облысында «AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Қарызысыз қоғам» жобасы табысты жұмыс жүргізіп келеді.

Жобаның басты мақсаты – тұрғындарға қаржылық сауаттылықты меңгеруге, қарыз жүктемесін азайтуға және өмір сапасын арттыруға қолдау көрсету.

Бағдарлама екі негізгі бағытты қамтиды: тегін оқыту курстары және заңгерлік көмек көрсету. Соңғысы несиеден 90 күннен астам уақыт өтей алмай жүрген, яғни, «қарыз тұзағына» түскен азаматтарға арналған.

Жобаның Instagram-дағы @qaryyzsyz_qogam парақшасында нақты адамдардың өмірінен алынған мысалдар тұрақты жарияланып отырады. Онда заңгерлердің көмегімен банкроттық рәсімін бастауға өтініш берген, шоттарындағы бұғаттауларды алып тастаған және қаржылық жағдайын реттеген азаматтардың оқиғалары баяндалады.

Мәселен, жобаның көмегіне жүгінген тұрғынның несиелік берешегі 5 миллион теңгеден асып кеткен. Бәрі қарапайым автотөлемден басталып, кейін төлем жасау мүмкіндігі болмағандықтан, жағдай күрделене түскен. Сарапшылар оған барлық қажетті құжаттарды рәсімдеуге және банкроттық рәсімін бастауға жан-жақты жәрдемдесті.

Бағдарлама аясында азаматтарға коллекторлардың заңсыз әрекеттеріне тосқауыл қою, несиеді қайта құрылымдау, сондай-ақ, құқықтық және қаржылық кеңес алу мүмкіндігі ұсынылады.

Қаржылық сауаттылық бойынша тегін онлайн-оқыту qogamfin.kz сайтында қолжетімді. Порталда жеке қаржыны басқару, заңнамалық білім және коллекторлармен өзара әрекет ету бойынша бейнесабақтар мен практикалық кеңестер топтастырылған. Курстарға кез келген адам тіркеліп, телефон нөмірі арқылы еркін қатыса алады.

Сонымен қатар, жоба шеңберінде офлайн форматтағы оқыту сабақтары да тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Мұндай кездесулерде қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, қаржы саласының мамандарынан нақты кеңестер алады.

Өз тілімізден

Дербестік Декларациясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәжіліске қатысқан 281 депутаттың 261-і осы құжатты қолдап дауыс берді. Бұл – тұтас халықтың, әсіресе, қазақ халқының елдікке деген сұранысы мен сенімінің көрінісі еді. Дәл сол күннен бастап, Қазақстан әлемге еркін мемлекет, дербес субъект ретінде таныла бастады.

2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне Ұлттық мереке мәртебесін қайтарды. – Республика күні – елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамның символы болуы керек. Бұл мереке – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын аса маңызды тарихи қадам, – деп мерекенің саяси да, рухани да маңызын айқындап берді.

Кеншілер өлкесінде Республика күніне дайындық басталып та кетті. Айтулы мереке қарсаңында Арқа төсіндегі «Тәуелсіздік» монументі және «Тұтғыр» алаңында жыл сайын дәстүрлі түрде бірқатар жүрек тебіренер ауқымды шара өтеді.

Тәуелсіздік күні – ел ретінде толық мойындалған кезеңнің белгісі болса, Республика күні – сол тәуелсіздікке бастар алғашқы қадамның айғағы. Бұл – Қазақстанның өз тағдырын өзі шешетінін алғаш рет ресми түрде мәлімдеген күн. Сондықтан, бұл күнді «Қазақ Республикасының туған күні» деп атау да тарихи шындыққа сай келер еді.

25 қазан – Тәуелсіз Қазақстан тарихының алғашқы парағы, болашақтың бағдары. Бұл – мемлекеттілікті нығайтуға бастар



темірқазық. Қазақ халқының өз жерінде, өз мемлекетінде өз тағдырын өзі айқындауға жасаған тарихи қадамы.

Бүгінде Республика күні – Мәңгілік Ел идеясымен үндесіп жатқан, қазақстандықтарды ортақ мұрат жолында біріктіретін, рухымызды аспандататын, тарихпен үндес Ұлттық мереке.

«Қызыл бұлттай көрсен қырдың гүлдерін, көрсен ашық Алатаудың күндерін. Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген, Ұлан-байтақ республикам бұл менің!» деп түйіндепті жоғарыдағы рухты жырын Сырбай ақын.

Ендеше, Ұлы күннің ұлағаты ұрпақ жадында жаңғыра бергей!

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Мансұр Ахметов: Қаламыз қарқынды дамып келеді

Балқаш көлінің жағасын жайлаған Приозерск қаласы бүгінде жаңғыру мен жасампаздық жолына түскен. 1956 жылы негізі қаланған бұл қала – кезінде күллі Кеңес Одағына мәлім болған, зымыранға қарсы қорғаныс жүйелері сыналған атақты «Сарышаған» ғылыми-зерттеу полигонының әкімшілік орталығы еді. Қорғаныс саласында елеулі қызмет атқарып, Тәуелсіз Қазақстанның тұғырының нық болуына өз үлесін қосқан қаланың өткені – мақтаныш, бүгіні – даму, ертеңі – үміт пен серпінге толы. Қазіргі таңда шағын шаһарда әлеуметтік-экономикалық өрлеу айқын байқалады. Қала халқының тұрмыс сапасын жақсарту, инфрақұрылымды дамыту бағытында бірқатар игі бастамалар қолға алынған. Осы және өзге де өзекті мәселелер жайында, қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігі мен келешек жоспарлары туралы Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметовпен сұхбаттасқан едік.

– Мансұр Талғатұлы, алдымен қаланың жалпы әлеуметтік-экономикалық ахуалына тоқталып өтсеңіз.

– Биылғы жыл Приозерск үшін даму мен жаңғыру кезеңі болды дегуге толық негіз бар. Жүйелі жоспар мен мақсатты жұмыстың арқасында қаламыздың экономикалық көрсеткіштері оң динамикаға қол жеткізді. 9 айдың ішінде қалалық бюджетке 1 миллиард теңгеден астам салық пен міндетті төлемдер түсті. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңмен салыстырғанда 145 пайызға артық. Бұл даму көрсеткішінің жақсарғандығын көрсетеді.

– Өнеркәсіп пен сауда салаларының қазіргі даму барысы қалай?

– Бұл бағыттарда да оң өзгерістер бар. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 25,6 миллиард теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 137 пайыздық өсім көрсетті. Бұл – қала экономикасының нақты секторындағы серпінді дамудың көрінісі. Сауда саласына келсек, бөлшек сауда көлемі 2 миллиард 235 миллион теңгені құрап, 110 пайызға артты. Бұл – жергілікті кәсіпкерлердің белсенділігі мен халықтың тұтынұшылық қабілетінің артқанын аңғартады.

– Агроөнеркәсіп пен инвестициялық ахуал туралы не айтасыз?

– Ауыл шаруашылығы саласында біраз күрделі жағдайлар бар екенін жасырмаймын. Өнімнің нақты көлем индексі 96 пайызды құрады. Қуаңшылық пен ауа райының қолайсыздығы да әсерін тигізді. Инвестициялық белсенділікке келсек, бұл тұста біраз баяулау байқалады. Биылғы 9 айда қалаға тартылған инвестиция көлемі 1 миллиард 815 миллион теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 81 пайызға төмендеді. Бұған басты себеп – «Алматы-Астана» республикалық автожолының құрылыс жұмыстарының аяқталуы. Яғни, ірі инвестициялық жобаның бітуі инвестиция ағынына әсер етті.

– Құрылыс саласындағы көрсеткіштер де төмендеген екен. Бұл қаланың дамуына кері әсер етпей ме?

– Иә, құрылыс көлемі 2 миллиард 671 миллион теңгені құрап, өткен жылғы көрсеткіштерден төмен болды. Алайда, бұл – уақытша құбылыс. Бұл да жоғарыда айтқан жол құрылысының аяқталуымен

байланысты. Енді, алдағы кезеңде жаңа жобаларды жүзеге асыруға ниеттіміз. Құрылыс – бұл тек ғимараттар салу ғана емес, ол – жаңа жұмыс орындары, инфрақұрылымның дамуы, демек, қаланың болашағы. Осы орайда атқарылар жұмыстар жоспарланып отыр.

– Инфляциямен күрес – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Халықтың тұрмысына тікелей

баға тұрақтылығын елемегендерге іс-шара қолданылуда. 17 дүкеннің баға көтергені анықталып, олардың үшеуіне айыппұл салынды. Бұл бағыттағы бақылау тұрақты түрде жүргізіледі.

– Мемлекет басшысы тарапынан тапсырма берілді. Жер мәселесі әрқашан назарға алынып отыр. Бұл салада қандай жұмыстар атқарылды?

– Жер – ел игілігі. Сондықтан, жер телімдерін тиімді әрі заңды



әсер ететін бағаның өсуіне жол бермеу – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Осы мақсатта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін 42 меморандум жасалды. Сонымен қатар, 3 миллион теңге көлемінде субсидия бөлініп, әлеуметтік азық-түлік жеткізу ісі жолға қойылды. Нарықтағы баға саясатына қарсы да нақты шаралар қолданылуда. Мемлекет басшысы атап өткен

пайдалану – басты басымдықтың бірі. Жыл басынан бері үш аукцион өткізіліп, нәтижесінде 44,5 миллион теңгеге 6 жер учаскесі сатылды. Сонымен қатар, 3 жылдан астам уақыт пайдаланылмаған 17 жер телімі анықталды. Олардың 8-і мемлекет меншігіне қайтарылды. Қалғандары бойынша құқықтық жұмыстар жалғасып жатыр. Жер мәселесінде ашықтық пен әділетті ұстаным басым тұрады.



терін қарастырып жатырмыз.

– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өзгерістер қандай?

– Қаланың көркі мен жайлылығы инфрақұрылымның жағдайына тікелей байланысты. Көпқабатты үйлердің шатырлары мен сыртқы қасбеттері жөнделіп, көшелер жарықтандырылды. Жылу жүйелері мен инженерлік желілерге қатысты да кешенді жұмыстар атқарылды. Б. Момышұлы көшесіндегі 12/2 үйіне күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Алайда, мердігер ұйымның жұмысты уақытында аяқтамауына байланысты сотқа жүгінуге мәжбүр болдық. Біз үшін сапа мен жауапкершілік – басты талап деп айта аламын.

– Қаланың инженерлік инфрақұрылымы мен көше жөндеу жұмыстарына кеңірек тоқталып өтсеңіз...

– Жыл бойы жол-көлік инфрақұрылымын жақсартуға басымдық берілді. Ғарышкерлер, Жеңіс бульвары мен Кисунько көшелерінде тротуарлар салынды. Гвардейская көшесінде ұзындығы 2,2 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жоба 2026 жылдың мамырында аяқталады деп күтілуде. Сонымен қатар, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 50 жол белгісі, 35 м жасанды кедергілер орнатылып, 21 шақырым жол сызықтары жаңартылды. Жалпы, жол сапасын жақсарту арқылы тек көлік жүргізушілеріне емес, жаяу жүргіншілерге де қолайлы жағдай жасауды көздеп отырмыз. Қала көшелері мен қоғамдық орындардың жарықтандырылуына қатысты жұмыстар да жүзеге асырылуда. Бұл бағытта да ауқымды жұмыс жүргізілді. 42 жаңа көпесте жарық шамы орнатылып, Балқаш көшесі мен «Шағала» жағажайындағы электр желілері жаңар-

тылды. Бұл – тұрғындардың түнгі уақытта қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадам. Қала бойынша 6 балалар ойын алаңына күрделі жөндеу жасалды. Ойын алаңдарын тек жөндеп қоюмен шектелмей, оларды ағымдағы күтіммен қамтамасыз ету де қолға алынды. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар ғимараттардың да жағдайы жақсаруда.

– Әлеуметтік қорғау, білім және денсаулық сақтау салаларында қандай өзгерістер бар?

– Әлеуметтік қолдауға ерекше назар аударылуда. Биыл осал топтарға 205 миллион теңге көлемінде көмек көрсетілді. 170 мүмкіндігі шектеулі азамат арнайы құралдармен қамтамасыз етілді. Білім беру саласында қауіпсіздік – басты назарда. Мектептерге генераторлар орнатылып, бейнебақылау жүйелері жаңартылды. Өкінішке қарай, денсаулық сақтау саласында алаңдартарлық жағдай бар – туу көрсеткіші төмендесе, өлім көрсеткіші артқан. Нәресте өлімі де тіркеліп отыр. Бұл – күрделі әрі маңызды мәселе. Денсаулық сақтау мекемелерімен бірлесіп, жан-жақты талдау жасап, нақты шаралар қабылдауымыз қажет.

– Мәдениет пен спорт саласында қандай жетістіктерге қол жеткізілді?

– Қалада 2 мәдениет ошағы – кітапхана мен мәдениет үйі тұрақты жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері 70-тен астам мәдени шара ұйымдастырылып, 35 мыңға жуық тұрғын қамтылды. Бұл – рухани дамудың бір көрінісі. Спорт саласы да қарқынды дамып келеді. Қазірдің өзінде 4 мыңнан астам қала тұрғыны тұрақты түрде спортпен айналысуда. Қаламыздың спортшылары түрлі жарыстарда 22 медаль жеңіп алып, абыройымызды асқартатты.

– Ішкі саясат пен жастарды қолдау салаларындағы жұмыстар жайлы не айтасыз?

– Ел Президентінің Жолдауын жүзеге асыру бағытында 250-ден астам іс-шара өткізілді. Қаламызда қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Жастар – болашақ тірегі. Оларды қолдау мақсатында 265 жас маман жұмыс іздеп өтініш білдірсе, соның 201-і жұмысқа орналасты. Сонымен қатар, 6 жас кәсіпкер әкім грантын ұтып алып, жалпы сомасы 12 миллион теңгеге өз кәсібін бастады. Бұл – жастардың өз армандарын жүзеге асыруына берілген нақты мүмкіндік.

– Уақытыңызды бөліп, сауалдарымызға жан-жақты жауап бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлос КӨРІМ
«Ortalyq Qazaqstan»

Суреттерді түсірген автор

• БҮГІН – ПОШТА КҮНІ

Сапа мен сұраныс кемімейді

Еліміздегі жалғыз ұлттық оператор «Қазпошта» АҚ – адамзат өркениетінің ең көне байланыс құралдарының бірі. Ақпарат алмасу мен хат-хабар жеткізу ісі қоғам дамуының барлық кезеңінде маңызды рөл атқарып келді. Адамдар арасындағы сенім көпірі ретінде өз мүддесінен таймаған аймақтағы пошта филиалы да заман ағымына сай дамып, цифрлану үстінде.

Қызмет сапасы артып келеді

«Қазпошта» АҚ-ның Қарағанды филиалы соңғы уақытта кадрлық әлеуетін күшейтіп, пошта қызметінің сапасын жақсартуға бағытталған нақты қадамдар жасап келеді.

Биылдың өзінде Қарағанды қаласында 95 пошташы қайта жұмысқа қабылданып, оқу орындарының жас түлектері қызметке тартылған. Қызметкерлерді әлеуметтік кепілдіктермен қамту арқылы, әрі тұрақтылық пен ынтылдандыру жүйесінің арқасында пошта жеткізу сапасы күн сайын жақсаруда.

Филиалдың сегіз айдағы жұмыс нәтижесі бұл сөздің айғағы іспеттес. Осы кезеңде 171 мыңнан астам сәлемдеме, 25 мың EMS-жөнелтілім, 337 мың хат және 285 мыңға жуық газет-журнал жазылымдары қабылданып, өңделген. Сондай-ақ, төрт мыңнан астам ірі жөнелтілім тасымал-

данған. Бұл – аймақ тұрғындары мен бизнес өкілдерінің «Қазпоштаға» деген сенімі мен сұранысының жоғары екенін көрсетеді.

Заманауи шешімдер – уақыт талабы

«Қазпошта» бүгінде тек хат пен сәлемдеме жеткізумен ғана шектелмейді. Оның қызмет түрлері кеңейіп, заманауи нарық талаптарына сай бейімделген. Хаттар, бандерольдер, сәлемдемелерді қабылдау және жеткізу, зейнетақы мен жәрдемақы төлеу, коммуналдық төлемдерді қабылдау, ақша аударымдары, интернет-дүкендермен жұмыс, экспресс-жеткізу жүйесі, халықаралық пошта алмасуы, электрондық сауда платформалары, цифрлық және мобильді қосымшалар арқылы қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар, филиалы пошталық инфрақұрылымды жаңғырту бағытында заманауи цифрлық



технологияларды енгізуде.

Мерзімді басылымдар мен жөнелтімдерді автоматтандырылған сұрыптау жүйесі арқылы өңдеу – соның айқын дәлелі. Бұл

жаңашылдық поштаның жеткізілуін жылдамдатып, қызмет сапасын арттырды.

Филиалдың тағы бір маңызды жобасы – қалааралық автобустар-

ды пошта тасымалына пайдалану. Бұл бастама шалғайдағы ауылдарға хат-хабар мен сәлемдемелерді жылдам жеткізуге жол ашты. Болашаққа жоспар да айқын.

QazPost

Қарағанды филиалы халықаралық әуежай маңындағы еркін экономикалық аймақта логистикалық хаб ашуды көздеп отыр. Бұл жаңа орталық ішкі және халықаралық жөнелтімдерді сұрыптап, таратудың негізгі торабына айналмақ. Сонымен қатар, жоба аясында 150-ден астам адам жұмыспен қамтылмақ.

Сенім мен еңбектің мерекесі

– Пошта – адамдар арасындағы сенім көпірі. Біз осы сенімді сақтап, әр хат пен әр сәлемдеменің артында тұрған жауапкершілікті сезінеміз, – дейді филиал өкілдері. Бүгінгі таңда «Қазпошта» Қарағанды облыстық филиалы өңірдің экономикалық және әлеуметтік өмірінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Олар – жаңашылдықты серік етіп, уақытпен бірге жаңарып келе жатқан кәсіби ұжым.

Сағыныш ӘБІЛ

Әлеуметтік әділдік үшін

Президент Қасым-Жомарт Токаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» үлкен тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келіп отыр. Ол – Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысының 120 жылдық және Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының 35 жылдық мерейтойы.

Әлеуметтік серіктестікті белсенді жүзеге асырып, еңбек мамандықтарының беделін арттыруға, еңбекті құрметтеуге, еңбек адамдарының құқығы мен мүддесін қорғауға және қызметкерлер мен олардың отбасының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған кешенді шаралар жиынтығын қамтитын облыстық жоспар бекітіліп, жүзеге асырылуда.

Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысының бастауы 1905 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданында орналасқан Өспен мыс кен орнындағы жұмысшылар мен қызметкерлер Одағының құрылуымен тығыз байланысты.

Бүгінгі таңда Қарағанды және Ұлытау облыстарында құрамында 163 689 астам адам біріктірілген 1 229 бастауыш кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді. Еңбеккерлердің еңбек құқығын қорғау саласында Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы құрамына кіретін 15 салалық кәсіподақ ұйымы бар.

Еңбеккерлердің мүддесін кемсітуге жол бермей, ақылға қонымды компромисстер табуға және бизнесті тұрақты дамуына қол жеткізуге мүмкіндік беретін, қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы диалогтың негізгі құралы – кәсіподақтар.

Кәсіподақтар жұмысының маңыздылығы ерекше. Атап айтсақ, мықты кәсіподақ – тұрақтылықтың, қызметкерлер ынтықсының және табысты экономика кепілі.

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы және оның мүшелік ұйымдары өз ұстанымдарын Халықаралық аренада да нығайтуда. Мысалы, 2024 жылдың қыркүйегінде федерация алғаш рет өзінің Орталық кеңсесінде Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас директоры Жильбер Унгбонь қабылдады. Тараптар әділ еңбек қағидаларын ілгерілетуге қатысты жол картасына қол қойды.

Биыл Астанада Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының XXVII съезі өтті. Бұл – еліміздегі кәсіподақ қозғалысының ең жоғары органы. Оған Қазақстанның барлық өңірінен келген 300-ден астам қатысушы, салалық кәсіподақтар, әлеуметтік серіктестер, халықаралық сарапшылар және шамамен 40 елдің ұлттық кәсіподақ орталықтарының басшылары қатысты.

XXVII съезд аясында Сатыбалды Даулеталин Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының төрағасы қызметіне бірауыздан қайта сайланды. Бұл съездің ең маңызды сәті болды. Бұл шешім – делегаттардың қазіргі бас-



шылыққа жоғары сенімінің және оның басқаруымен атқарылған жұмыстың нәтижелерін мойындауының белгісі. Съезге қатысушылар еңбеккерлердің құқықтарын қорғауға, әлеуметтік серіктестікті дамытуға және кәсіподақ қозғалысын модернизациялауға бағытталған саясаттың жүйелілігі мен тиімділігін, елдің әлеуметтік-саяси өмірінде кәсіподақтардың рөлін күшейтуге және Қазақстандағы ең ірі кәсіподақ бірлестігін одан әрі нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстардың тиімділігін атап өтті.

2025 жылы кәсіподақтың бастапқы буынына қолдау көрсету және еңбек ұжымдарымен «кері байланыс» жүйесін қалыптастыру мақсатында, кеншілер өлкесінде «Жағдайың қалай, бастауыш ұйым?» республикалық акциясы жалғасын тапты. Бұл – кәсіподақ мүшелеріне Федерация басшылығының, Парламент депутаттарының, мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілердің тікелей қатысуымен өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді.

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қарағанды облысында «Жағдайың қалай, бастауыш ұйым?» акциясы аясында 43 кездесу өткізілді. Оның бесеуі Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының басшылығының қатысуымен, 38-і өңірлік деңгейде ұйымдастырылды. Жалпы, қатысушылар саны – 1780 адам.

Тау-кен металлургия саласында алдыңғы технологияларды енгізуді ескере отырып, негізгі құралдарды кезең-кезеңімен жаңарту мәселесі өте өзекті және тұрақты бақылауда. Сондай-ақ, мемлекеттік медициналық мекемелердің (орта және кіші медициналық персонал) қызметкерлерінің жалақысын көтеру және жалпы білім беру мекемелерінің кітапханашы, бухгалтер және техникалық қызметкерлерінің жалақысын арттыруға қатысты 2

мәселе де тұрақты күн тәртібінде.

Тау-кен металлургия саласының, білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және теміржол көлігі салаларының қызметкерлері көтеріп отырған негізгі мәселелер – зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің әділ зейнетке шығу жасын белгілеу, ауыр және қауіпті еңбек жағдайларында денсаулығын жоғалтқан жұмысшыларды әлеуметтік қолдау және Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде, регрессшілер мен мүгедектерге әлеуметтік төлемдер бойынша өзгерістер енгізу мәселелеріне қатысты.

Өңірлік деңгейде бастапқы кәсіподақтар ұйымдарын құру және олардың қызметі, құқықтық көмек, ұжымдық шарттар, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау, өндірістік кеңес, әлеуметтік-еңбек қатынастары, жұмыс уақыты, ауысымдық кезеңді қысқарту, қашықтан жұмыс режимі, қызметкерлерді тасымалдау және тағы басқа мәселелер әлі де өзекті.

Өткен жылдың мамыр айында әлеуметтік маңызы бар құжат – Қарағанды облысының әкімдігі, облыстық кәсіподақтар бірлестіктері (қызметкерлер мен жұмыс берушілердің ассоциациялары мен одақтары) арасында 2024-2026 жылдарға арналған облыстық келісімге қол қойылды. Облыстың кәсіподақ орталығы оған «Әділ еңбек жағдайлары және еңбекақы» атты жаңа бөлімді қосу туралы ұсыныс енгізді.

Сонымен қатар, облыстық кәсіподақ орталығы «Қорғау» көмір жұмысшылары кәсіподағының Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінен пайыздық қатынаста анықталатын аралас жауапкершілік ұғымын алып тастау жөніндегі бастамасын қолдады. Қазіргі таңда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру барысында жұмысшылардың кінәсі есепке алынбайды.

Бұрынырақ, кәсіподақтар федерациясы еңбек қауіпсіздігі шарттарын қамтамасыз ету, өндірістік қуаттарды жаңарту, жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша талаптардың орындамауына қатысты заңнамалық жауапкершілігін күшейту, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге әділ зейнет жасын белгілеу мәселелерін шұғыл шешу туралы бірнеше рет ұсыныстар жасаған болатын.

2023 жылдан бастап, Қарағанды облыстық мәслихатында, жергілікті өкілетті органдар қабылдайтын мәселелер мен актілерді қарау барысында қызметкерлердің мүдделерін қорғайтын «Еңбек» депутаттық тобы жұмыс істеп келеді.

2025 жылдың өткен кезеңінде Қарағанды облысында өндірістік жарақаттану бойынша 61 жағдай тіркелген, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,5%-ға аз (66 жағдай).

Зақымданушылар саны 2024 жылғы 79-дан 2025 жылы 61-ге, яғни, 22,7%-ға төмендеді.

2025 жылдың өткен кезеңінің нәтижелерімен салыстырғанда жарақаттану деңгейінің төмендеуінің тұрақты үрдіске айналғанын көрсетеді. Бұл – өңірдегі кәсіпорындарда өндірістік қауіпсіздік деңгейінің және алдын алу шараларының тиімділігінің артқандығының айғағы.

Өңірдегі ұйымдар мен кәсіпорындарда 793 өндірістік кеңес жұмыс істеді. Онда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 1018 қоғамдық кәсіподақ инспекторы еңбек етуде.

Қарағанды облысының әлеуметтік серіктестігі және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу бойынша ұшжақты комиссиясының белсенді жұмысының нәтижесінде, өңірде еңбеккерлердің әл-ауқаты мен еңбек нарығының тұрақтылығына тікелей әсер ететін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді уақытылы көтеріп, ұтымды шешуге мүмкіндік туады.

Облыс әкімдігі, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы, Мәжіліс Парламентіндегі «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясының және облыстық мәслихаттағы «Еңбек» депутаттық тобының қолдауымен, сондай-ақ, «QARMET» АҚ мүгедектер-регрессшілерінің қоғамдық бірлестігінің белсенді қатысуымен кәсіби аурулар мен өндірістік жарақаттармен күресте маңызды рөл атқаратын еңбек гигиенасы және кәсіби аурулардың Ұлттық Орталықын жеке мәртебесі қайта қалпына келтірілді.

Аталған орталықтың базасында шахтер, металлург және зиянды да қауіпті өндіріс орындарында жұмыс істейтін басқа да мамандардың денсаулығын жүйелі сауықтыру және оңалту ұйымдастырылды. Орталық кәсіби аурулардың алдын алу, еңбеккерлердің денсаулығын қалпына келтіру, сондай-ақ, өнеркәсіп саласы қызметкерлерінің әлеуметтік қорғау деңгейін арттыратын маңызды алаң болуы тиіс.

Ұлттық Орталық мәртебесінің қайта қайтарылуы – әділеттілікке, жұмысшы-



лардың денсаулығына деген қамқорлыққа және олардың көпжылдық адал еңбегіне бағытталған маңызды қадам.

Әлеуметтік серіктестіктің қалыптасқан орынды жүйесінің арқасында өңір тұрғындарының еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік кепілдіктер саласындағы маңызды мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік бар.

Кәсіподақ мүшелері мен олардың отбасыларының денсаулығын нығайту және демалысын қамтамасыз ету мақсатында, 2023 жылы облыста санаторий мен демалыс үйіне жолдаманы беретін бірыңғай туроператордың жұмысы ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап, 12 700-ден астам қазақстандық арнайы әлеуметтік төлем алады. Оның орташа көлемі 208 800 теңгені құрайды. Сақтандыру төлемдерін есептегендегі жұмысшылардың кінәсі алынып тасталды. 2015 жылғы мамырға дейін жарақат алған тұлғаларға өтемақы төлеу жолға қойылды. Оларға сақтандыру компаниялары тарапынан өмір бойы сақтандыру төлемдері жүзеге асырылады.

Аймақта Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының заң клиникасының филиалы табысты жұмыс атқаруда оның мамандары кәсіподақ мүшелеріне еңбек, зейнетақы, азаматтық, отбасы және тұрғын үй заңнамасы бойынша тегін кеңес береді.

Жастардың еңбек құқықтарын қорғау, олардың бастамаларын дамыту және еріктілігін қолдау мақсатында, облыстық кәсіподақ орталығы жанында «Келешек» жастар кеңесі белсенді жұмыс атқарады.

Мереке қарсаңында, Қарағанды облысы мен Ұлытау ауданының кәсіподақ қозғалысының аңызға айналған ардагерлерін, бастапқы кәсіподақ ұйымдарының мүшелерін, еңбек жастарының өкілдерін, филиалдар мен жергілікті кәсіподақ төрағаларын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 22 мамырдағы №303 қаулысымен белгіленген, 2025 жылғы 10 қазада аталып өтетін – Қазақстанның кәсіподақтар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бүгінгі кәсіподақтар – тұрақтылықтың тірегі, еңбек өтпелердің заңды құқықтары мен өмірлік мүдделерін лайықты қорғай білетін әлеуметтік-еңбек қатынастарының негізгі элементі.

Болат ЖҰМАБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Кәсіподақтар Федерациясының
Кәсіподақтар орталығының төрағасы

Қоғамдық қауіпсіздік қаперде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаев өз Жолдауында заң үстемдігін қамтамасыз етіп, азаматтардың қауіпсіздігін күшейту мемлекеттің басты міндеттерінің бірі екенін нақты атап өтті. Бұл бағытта еліміздің барлық өңірлерінде ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Облыстық полиция департаментінің қызметкерлері де қоғаммен бірлесіп отырып, бірқатар кешенді шараларды жүзеге асыруда.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, жакында Қарағанды қаласының орталық мәдени және демалыс саябағында «Заң және тәртіп» қағидатын насихаттауға арналған кен ауқымды саптық таратылым өтті.

Ауқымды шараға полиция қызметкерлерімен қатар, еріктілер, қоғамдық ұйым өкілдері, «Жас сакшы» және «Жас сарбаз» қозғалыстарының мүшелері, мектеп оқушылары қатысты.

Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Жаскайрат Қайыров сөз алып, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде полициямен қатар, азаматтық қоғам өкілдерінің де жауапкершілігі зор екенін атап өтті. Ол еріктілердің, жастардың, мектеп оқушыларының белсенділігі – құқықтық тәртіпті сақтау ісіндегі маңызды күш екеніне назар аударды.

Салтанатты шарада құқық қорғау органдарына қолдау көрсетіп жүрген бірнеше ерікті мен оқушы арнайы марапатқа ие бол-

ды. Солардың бірі – Б.Момышұлы атындағы №77 мектептің 11-сынып оқушысы Нұрәлі Нұрланұлы.

– Полиция департаменті бастығының грамотасын алу – мәртебе. Біз мектеп ішінде құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында учаскелік инспектормен бірге жұмыс істейміз. Болашақта өз өмірімді осы салаға арнап, еліме адал қызмет еткім келеді, – деді жас сарбаз.

Саптық таратылымнан кейін еріктілер мен полиция қызметкерлері қала тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, есірткі қылмыстарының, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және алаяқтықтан қорғану бойынша жадынамалар таратты.

Бүгінде облыс көлемінде полициямен тығыз жұмыс істейтін 150 еріктілер ұйымы, 6 студенттік жас сак, 25 қоғамдық кеңес пен «Жас сакшы», «Жас сарбаз» секілді жастар қозғалыстары бар екенін атап айту керек. Олардың қолдауымен биылдың өзінде 64 қылмыс ашылып, 324 әкімшілік құқық бұзушылықтың жолы кесілген. Құқық қорғау органдарына көр-



сеткен көмегі үшін 200-ге жуық азамат марапатталыпты.

Қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында құқық қорғау органдарының атқарып жатқан ауқымды жұмыстары мұнымен шектелмейді. Мәселен, облыс аумағында табиғатты қорғау полициясы мен орманшылардың бірлескен рейді барысында заңсыз аңшылықпен айналысқан азаматтар қолға түсті. Қала тұрғындары болып шыққан екі азамат бір ғана лицензия рәсімдегенімен, оны тіркетпестен елік атып, заңды бұзған. Оқиға орнында еліктің тушасы мен бір ұнғылы

аңшы мылтығы айғақ ретінде тәркіленіп, қылмыстық іс қозғалды.

Сонымен қатар, облыс полициялері қалта ұрлығына тосқауыл қоюда да нақты нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Жуырда қоғамдық көлікте жолаушы әйелдің сөмкесінен iPhone 13 ұрлаған азамат ұсталып, жедел әрекет нәтижесінде телефон иесіне қайтарылды. Бұл – тәртіп сақшыларының кәсіби шеберлігі мен шұғыл әрекет етуінің нәтижесі.

Қылмыспен күрестің тағы бір маңызды бағыты – гастролер-ұрыларды анықтау. Полиция депар-

таментінің қызметкерлері Алматы қаласында еліміздің бірнеше өңірінде ұрлық жасаған күдіктіні құрықтады. 20 жастағы Шымкент тұрғыны Қарағандыдағы зергерлік дүкеннен әшекей бұйымдарды, мешіттен әйелдің сөмкесін ұрлаған. Тергеу барысында оның Астана мен Алматы қалаларында да осындай қылмыстар жасағаны белгілі болды. Материалдық шығын көлемі 800 мың теңгеден асып отыр.

Бұдан бөлек, облыс аумағында дизель отынын ұрлаудың ұйымдасқан схемасы әшкереленді.



Полиция мен ҰҚК, көлік прокуратурасы және басқа да құқық қорғау органдарының бірлескен арнайы операциясы нәтижесінде теміржол жылжымалы құрамынан жанармай ұрлаған топтың жолы кесілді. Қылмыстық топтың 17 мүшесі қолға түсіп, 28 дерек бойынша іс қозғалды. Тінту кезінде 500 келіге жуық дизель отыны, бос канистрлер, ұялы телефондар, есірткі заттары және Ресейде ұрланған ретінде тіркелген қару мен оқ-дәрілер тәркіленді.

Осының бәрі – полиция департаментінің қылмысқа қарсы жүйелі күрес жүргізіп келе жатқанын аңғартады. Азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, қоғамдық тыныштықты сақтау және заң үстемдігін орнату – полицияның ғана емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі. Президент Жолдауында белгіленген мақсаттарды орындауда Қарағанды полициялері елмен етене жұмыс істеп, қауіпсіз орта қалыптастыруға нақты үлес қосып келеді. «Заң мен тәртіп – баршамызға ортақ міндет» қағидаты бүгінгі таңда аймақтағы қоғамдық өмірдің басты ұстанымына айналып отыр.

• САЛТАНАТ

Ұстаздар ұлықталып, ардагерлер ардақталды

Қазан айының алғашқы күндері елімізде қос мереке аталып өтеді. Олар – Ардагерлер мен Ұстаздар күні. Бұл мерекелер жас ұрпаққа білім мен тәрбие берген ұстаздарға тағзым етіп қана қоймай, ұзақ жылдар бойы қоғамға адал қызмет еткен ардагерлерге де алғыс білдіретін мейрам. Осыған орай «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Қарағанды облысы бойынша кәсіби даму институты филиалында «Өнегелі өмір – өшпес із» атты салтанатты жиын өтті. Ұстаздар ұлықталып, ардагерлердің өнегелі өмір жолы дәріптелді.

Институт – аймақтағы педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына қолдау көрсететін бірегей ұйым. 1948 жылдан бастау алған ұйым бүгінде жаңа білім беру үрдістерін енгізуде көшбасшы. Соңғы жылдары цифрлық педагогика, медиасуаттылық, функционалдық сауаттылықты арттыру, инклюзивті білім беру және жасанды интеллектті оқу процесінде қолдану бағытында ауқымды жобаларды жүзеге асырумен айналысып отыр.

Жиынға шақырылған құрметті қонақтардың бірі – институтты жиырма жыл басқарған белгілі ғалым, физик-педагог Сәбит Қонтаев. Оның жетекшілігімен облыстағы шағын жинақты мектептерді қолдаудың бірегей моделі қалыптасты. Ондаған ресурстық орталықтар ашылды, халықаралық ынтымақтастық кеңейіп, қазақстандық білім беру жүйесіне жаңа идеялар енгізді. Сөз алған Сәбит Сейітұлы: «Бұл институт – өңір ұстаздарының кәсіби шыңдалу мектебі. Мұнда мұғалім тек жаңа білім алып қана қоймайды, уақыт талабына сай жаңаша ойлауға үйренеді», – деді.

Салтанатты мерекеге арнайы шақырылған ұстаздардың арасында қазақ тілін дамыту жолына жарты ғасырдан астам ғұмырын арнаған Ғазиза Смағұлова да болды. Ұрпақ тәрбиесіне, тіл мен әдістемені жетілдіруге қосқан зор еңбегімен елге танылған ұлағатты ұстаз, тіл жанашыры, Қазақстан Жазушылар



одағының мүшесі Ғазиза Ғабдәл-лақызы жиын барысында: «Біліктілікті арттыру жүйесі – әр ұстаздың екінші мектебі. Бұл жерде мұғалім жаңа серпін алып, өзіне сенімді бола түседі», – деген ойымен бөлісті.

Кездесу қонақтарының әрқайсысы институттың өркендеуіне, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына, педагогикалық жетістіктерге жетуіне еңбегі сіңген, бүгінде білім беру жүйесінің дамуына әлі де үлесін қосып келе жатқан жандар. Олар институттың оқу ісі жөніндегі проректоры – Г.Кадирберлина, оқу бөлімі және инновациялық технологиялар кафедрасының зертханасына басшылық еткен – Г.Сұлтанова мен Р.Жеткенбаева, кафедраның аға оқытушысы лауазымын атқарғандар – Ф.Ермағанбетова, Ж.Адамова, Н.Линькова, М.Жүнісова, М.Томпиева, Б.Салимбаева, С.Зюлина, Б.Бигельдинова, оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бас маманы – Н.Сейтова және институт шаруашылығының дамуына өзіндік үлесін қосқан Ж.Сейтов, З.Жакупова, А.Назирова, Ж.Шапкенова.

«Жақсымен өткен бір күнің – жаманның өтіп кеткен ғұмырындай» демекші, кездесу барысында аға буын өкілдерінің алдын көрген, бүгінде институтта беделді қызмет етіп жүрген педагогтер ардагер ұс-

таздарға шынайы ризашылықтарын білдірді. «Бағамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер» демекші, біз үшін шараға қатысқан ардагерлердің ақ батасын алып, қуанышты жүздерін көру де бір мәртебе.

Басшы бастай білсе, бұқара қостайтыны анық. Шараны өткізу «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қарағанды облысы кәсіби даму институты филиалының директоры, қауымдастырылған профессор М.Жетпісбаеваның тарапынан қолдау тауып, әкімшілік-кадр жұмысы бөлімінің басшысы А.Бухарбаева, кафедра меңгерушісі Г.Ибрагимова, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы З.Алишеваның ұйымдастыруымен жоғары деңгейде жүзеге асқанын ерекше атап кеткен жөн.

Сонымен қатар, жиында бүгінгі буын ұстаздарының да еңбегі еленді. Институттың аға оқытушысы, педагогтердің кәсіби дамуына арналған әдістемелік құралдардың авторы Меруерт Мукушева мен халықаралық деңгейде баяндамалар жасап, аймақ мұғалімдеріне жаңа әдістемелерді үйретіп жүрген тәжірибелі маман, аға оқытушы Татьяна Кохановер «Өрлеу» АҚ Басқарма төрайымы Айдана Сенбекқызының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Салтанатты мерекенің мазмұнына Тәттімбет атындағы өнер кол-

леджінің студенттері өнерімен әр берді. Жас өнерпаздардың шабығты орындауларына тәнті болған ардагер ұстаздар көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Жиынның әсерлі сәттерінің бірі – «Жетістіктер» слайд-шоуы болды. Экраннан институттың соңғы жылдардағы дамуы, 2024-2025 оқу жылында педагогтердің жеткен биік белестері көрініс тапты: халықаралық марапаттар, ғылыми еңбектер, әдістемелік басылымдар мен өңір ұстаздарының үздік тәжірибелері. Ардагерлер үшін мұның бәрі өз еңбектерінің бүгінгі жалғасындай. Олардың ізденістері бүгінде шындыққа айналып, мұғалімдердің кәсіби шыңдалуынан айқын көрініс тапты.

Бұл мереке – ұстаздар еңбегіне тағзым мен ардагерлерге құрмет көрсету ғана емес, «Өрлеу» институтының өңірлік білім беру жүйесіндегі беделі мен игі істерінің бір дәлеліндей.

Айдана ҚАБДЫРАШЕВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша кәсіби даму институтының баспасөз хатшысы
Тілеу ТУҒАНБАЕВА,
оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бас маманы

Суретті түсірген автор



Еске алу

Күні кеше ғана балалықтың бал шағын бірге өткізген, пейілі даладай, көңілі баладай жан құрдасымыз **Пани Қуантайқызы АБДРАХМАНОВАДАН** (Шубарова) 1 қыркүйекте қапияда көз жазып қалып, көңіл де, көз де сенбейтін күй кешкелі 40 күн! Қарқаралы ауданы Бесоба совхозы Қызыл Ту ауылында дүниеге есігін ашқан Пани ағайынға сыйлы, құрбы-құрдасына асқан қадірлі еді!

Көркем мінезді, тең құрбысына құрметті құрдасымыздың жарқын жүзі ешқашан көңілден көшпек емес. Құдай қосқан қосағы Талғат екеуі үш балапанын тұмсықтыға шоқыттырмай, қанаттыға қактырмай тәлімді тәрбие берді. Бауырларына ет жүрегі елжіреген әпке-тін ол. Алланың ісіне не шара?!

Алла алдынан жарылқасын! Ұстағаны шырақ, мінгені пырақ болғай! Рухың пейіште шалқысын, Пани!

Сені, құрбым, сағына еске аламыз, Сағыныштан сарғайған мұң табамыз. Бұл жалғанды тәрк етіп кете бардың, Дұға тілеп Аллаға үн қатамыз!

Тірек те едің ұрпаққа, мақтан едің, Маңдайымызға сыймаған ақтаңгерім. Жұмақ болсын рухыңның төр мекені, Жұмсақ болсын, жан құрдас, жатқан жерің!

Сағына еске алушылар: **бірге оқыған сыныптас құрбы-құрдастары**

№367



Қарағанды қ. «AlemGaz» ЖШС-ның ақпараты бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «AlemGaz» ЖШС-ның газ тарату қондырғылары арқылы сұйытылған ыдыстық газды бөлшек саудада өткізу қызметтеріне шекті бағаның алдағы көтерілуі туралы ақпаратын қарауға байланысты жария тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

Ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына сәйкес ұсынылған.

Жария тыңдау **2025 жылдың 21 қазанында, сағат 11.00-де**, Қарағанды қаласы, Алиханова 5, («Дом Союзов» ғимаратында, 2 қабат) мекенжайы бойынша, сондай-ақ Департаменттің Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) әлеуметтік онлайн режимде өткізіледі.

Жария тыңдауға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар субъектілері шақырады.

Департаменттің байланыс телефоны: 8 (7212) 41-34-24.

В г. Караганда пройдет публичное слушание по уведомлению ТОО «AlemGaz»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области проводит публичные слушания по рассмотрению информации о предстоящем повышении цены ТОО «AlemGaz» на услуги розничной реализации сжиженного емкостного газа через ГРУ.

Информация представлена в соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках, утвержденными приказом Министерства национальной экономики от 1 февраля 2017 года №36.

Публичное слушание состоится в **11.00 часов 21 октября 2025 года** по адресу: г. Караганда, ул.Алиханова 5, здание «Дом Союзов», 2 этаж (Актальный зал), а также в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>).

На слушание приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Контактные телефоны Департамента: тел.: 8 (7212) 41-34-24.

№182

После смерти Жарасбековой Тамары Мусаиновны умершей 17.07.2025 года открыто наследственное дело, всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Буркумбаевой Дәне Кубенов-не. г.Караганда, пр Бухар-жырау 49/6, БЦ Казахстан офис 105 а. тел 99-62-42, 8-701-313-86-86.

№368

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық және Теміртау қалалық кеңестері мемлекеттік қызмет ардагері

Гүлжахан Садыққызы УТОВАНЫҚ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Қазыналы қарттар құрметтелді

Қарттар күніне орай Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Данияр Серіков пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тайырәлеу Жұманов қаламыздың ардақты ардагерлерінің шаңырағына арнайы барып, ізгі тілектерін жеткізіп, сый-құрмет көрсетті. Қамқорлық пен мейірімге толы бұл кездесу қазыналы қарттарымыздың көңілін бір марқайтып тастады.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала әкімінің орынбасары тұл ардагері, халқымыздың ардақты перзенттерінің бірі, қоғам қайраткері Төлеукадір Токтамысовтың жұбайы Шатай Токтамысованың шаңырағында болды. Бүгінде 88 жастағы Шатай апа қонақтарды жарқын жүзбен қарсы алды. Өзінің айтуынша, 1943-1945 соғыс жылдары, Шатай апа Қарқаралы өңірінде анасының жанында жүріп, балалығына қарамастан, егіс даласында, мал фермасында еңбекке араласқан. 1958 жылы медициналық училищені тәмамдап, Балқаш қалалық ауруханасының инфекциялық бөлімінде мейірбике болып еңбек жолын бастаған. Жауапты қызметін 1995 жылға дейін абыроймен атқарып,

40 жылдық еңбек өтілімен құрметті демалысқа шыққан. Бүгінде ол төрт баладан тараған 6 немере мен 11 шөберенің ардақты әжесі. Еңбегі республикалық және облыстық деңгейдегі Құрмет грамоталарымен, мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Мерекелік құттықтаулар келесі бір қадірменді жан – тұл еңбеккері Лидия Титоваға да арналды. 1935 жылы 9 желтоқсанда дүниеге келген Лидия Ивановна 90 жасқа толмақ. Ол еңбек жолын 1955 жылы машинистка болып бастап, 1959-1963 жылдары «Прибалхашстрой» трестінде хатшы қызметін атқарған. 1964 жылдан бастап Балқаш тау-кен металлургия комбинатында 28 жыл бойы еңбек етіп, есептеу станциясында оператор, бухгалтер-оператор, I санатты есептеу маманы қызметтерін



абыроймен атқарған. Кейін қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінде еңбек етіп, 1992 жылы құрметті еңбек демалысына шыққан. Жалпы еңбек өтілі – 37 жыл. Еңбегі бірнеше мерекелік медальдармен бағаланған.

Айта кетейік, мереке аясында қала басшылығы бірнеше ардагерге сый-құрмет көрсетіп, зор қуаныш сыйлады.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген автор

Үздік стартапшылар Қарағандыда

31 қазанда Қарағандыда елдің үздік стартапшыларын, инвесторлар мен IT-мамандарды біріктіретін ауқымды форум – Terricon Connect 2025 өтеді. Форум өңірдің цифрлық даму әлеуетін көрсететін басты алаңға айналмақ. Бұл туралы қазыналы әкімінің баспасөз қызметі жариялады.

Салтанат ЛИНЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форумның басты мақсаты – фаундерлер мен технология саласының көшбасшыларын тоғыстырып, жаңа идеялар мен серіктестік жобалардың тууына мүмкіндік жасау.

Мұнда қазақстандық IT-индустрияның даму бағыттары талқыланып, инновациялық бастамалар мен инвесторлар арасындағы байланыс нығаяды.

Форумды Қарағандының стартап-экожүйесін дамытуға серпін беріп отырған Terricon Valley ұйымы

ұйымдастырып отыр.

– Инновациялар тек астанада ғана емес, аймақтарда да туатынын көрсету маңызды. Қарағанды бүгінде технологиялық кәсіпкерліктің орталығына айналып келеді. Жергілікті командалар әлемдік деңгейдегі шешімдер әзірлеп жатыр. Terricon

Connect – өз идеяң мен қабілетіңді танытатын ерекше алаң, – дейді Terricon Valley компаниясының бас директоры Сабыр Ниязов.

Форум аясында қатысушыларды мазмұнды бағдарлама күтіп тұр. Атап айтқанда, стартаптар көрмесі, 50 команда бақ сынайтын стартап-баттл, сондай-ақ, IT, бизнес және венчурлік технологиялар мамандары мен инвесторлардың қатысуымен еркін форматта жүздесу өтеді.

Спикерлер қатарында Орталық Азиядағы ең ірі венчурлік инвесторлардың бірі Мұрат Абдрахманов, Runville Labs компаниясының негізін қалаушы Данияр Әубәкіров, G5 Entertainment компаниясының персоналды бағалау жөніндегі маманы Евгения Шитова, Grand Games компаниясының бас директоры Роман Линейцев және өз саласында тәжірибелі өзге де сарапшылар бар. Қарағанды өңірі соңғы жыл-



дары инновациялық экожүйені дамытуда серпін алып келеді. Мұнда жастардың цифрлық жобаларға қызығушылығы артып, жергілікті стартаптар халықаралық нарыққа шығуда.

Terricon Connect – осы бағыттағы үздік тәжірибелерді тоғыстыратын, аймақтың инновациялық әлеуетін айқындайтын маңызды іс-шара болмақ.

БАТУТ ГИМНАСТИКАСЫ

Әлемдік рейтингтің көшбасшысы

Қарағандылық спортшылар Данил Мұсабаев пен Никита Тумаков батут гимнастикасында 179 ұпай жинап, әлемдік рейтингтің ең жоғарғы сатысына көтерілді. Олар маусым бойы сәтті өнер көрсетіп, көшбасшылықтарын дәлелдеді.

Спортшылар дуэті Өзербайжанның Баку қаласында басталған әлем біріншілігінде күміс жүлде иеленген болатын. Шілде айында Португалияның Коимбра қаласында өткен әлем кубогы кезеңінде спортшылар төртінші орын алып, жүлдеден сәл ғана қалып қойған. Ал, екі айдан соң Германияның Котбус қаласында өткен келесі кезеңде олар үздік нәтиже көрсетіп, чемпион атанды.

Дегенмен, біздің командадағы ең жас спортшы Никита Тумаков тамаша өнер көрсетіп, қола медаль алды. Айта кету керек, ол іріктеу кезеңінде үздік шыққан еді. Бұл – Никитаның жеке секіруден халықаралық деңгейде бірінші жүлдесі. Сонымен қатар, тағы бір қарағандылық спортшы Ерлан Тасмағанбетов синхронды секіруде үшінші орын алды.

– Сайыс деңгейі өте жоғары болды. Онда Олимпиада чемпионы, белоруссиялық Иван Литвинович сынды мықты спортшылар қатысты. Бәсі биік бәсекеде сыңға түскен ең жас спортшымыз Никита Тумаков керемет нәтиже көрсетті. Біз онымен мақтанамыз, – деді Қазақстан құрамасының бас бапкері, облыс құрамасының аға жаттықтырушысы Сергей Вертякин.

Өз тілшімізден

СЕМИНАР

«Тірі мұра» түгенделуі тиіс

Қазіргі жаһандану заманында материалдық емес мәдени мұраны сақтау өзекті болып отыр. Дәстүрлі білім, тіл, әдет-ғұрыптар, колөнер мен орындаушылық өнерді қамтитын мәдени мұрамыз – ұлттың рухани байлығын құрайды. Мәдени мұраны сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – бүгінгінің басты талабы. Бұл тұрғыда Қарағанды облысы «тірі мұраны» сақтау ісімен табысты әрі ұзақ жылдар бойы айналысып келеді. Бүгінде материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және дамытуға арналған пилоттық жоба еліміздің бес өңірінде қолға алынды. Оның ішінде біздің өлкеміз де бар. Қарағандыдағы Достық үйінде өткен материалдық емес мәдени мұраны сақтау және насихаттау мәселелеріне арналған өңірлік семинар-кеңесте бұл туралы жан-жақты айтылды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Семинар-кеңесті облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты облыстық демалыс және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырды. Семинарға шығармашылық және ғылым, зиялы қауым, колөнер шеберлері, этнографтар, тарихшылар, кітапханашы-өлкетанушылар және журналистер, азаматтық қоғам өкілдерінен құралған 30-ға жуық қатысушы жиылды. Семинарда өңірдің материалдық емес мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі талқыланып, ЮНЕСКО тізіміне енгізу үшін ұсыныбалық құжаттаманы әзірлеу және мамандар мен дәстүр иелерінің тәжірибе алмасуын ұйымдастыруды мақсат етті.

Кездесу аясында өңір шеберлерінің ағаштан ойып, кнізден және баска да материалдардан жасалған колөнер бұйымдары қойылған көрме ұйымдастырылды.

Семинарда ЮНЕСКО жанындағы материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Рустам Музафаров сөз сөйлеп, дәстүрлерді зерттеу, құжаттау және жас ұрпаққа жеткізу бағытындағы жүйелі жұмыстың маңызын атап өтті.

– Материалдық емес мәдени мұраны кейде «тірі мұра» деп те атайды. Материалдық емес мәдени мұраны сақтау бағдарламасы жалпы елімізде, әр өңірлерде жүзеге асырылып келеді. Алайда, әр өңірдің өзіне тән, бірегей бағдарламасы болады. Қазір біз өз этномәдени бірегейлігімізге ерекше мән береміз. Мемлекет басшысы айтқандай, бұл – біздің тәуелсіздігіміздің кепілі.



Этномәдени бірегейлік адам бойына бала кезден қалыптасады және ол тәрбие арқылы сіңіріледі. Көпшілігі байқаған болар, бейтаныс қалаға барғанда, міндетті түрде көзімізге оттай басылған нәрсеге «Міне, бұл – біздікі!» деп, көңіл түрленіп сала береді. «Біздікі» деген ұғым адаммен бірге өмір сүреді, ал, мұраны есте сақтап, оны қолданғанда ғана мәңгі жасай бермек, – деді Рустам Музафаров.

Материалдық емес мәдени мұраны сақтауды мақсат ететін арнайы жоба Қазақстанның бес өңірінде пилоттық режимде іске қосылды. Бұл өңірлер қатарында Атырау, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қызылорда және Қарағанды облыстары бар. 2025-2026 жылдары жүзеге асырылатын бұл жоба колөнершілер мен сала мамандарына мәдени мұраны одан әрі сақтауға мүмкіндік береді. Алғашқы бес өңірдің тәжірибесі болашақта баска да өңірлерге енгізіліп, бүкіл ел

аумағын қамтымақ.

– Тандалған бес өңірдің әрқайсысының өз ерекшелігі бар. Мәселен, еліміздің батыс аймағында сақталған Наурыз мерекесін тойлауда ұмыт бола бастаған Амал мен Көрісу сияқты салт-дәстүрлер бүгінде қайта жаңғырды. Бұл дәстүрлер барша қазаққа тән болғанымен, тек белгілі бір өңірлерде сақталып қалған. Қарағанды облысы да «тірі мұраны» сақтау ісімен табысты әрі ұзақ жылдар бойы айналысып келеді. 2023 жылы мұнда ұлттық спорт түрлерінен тамаша өңіраралық фестиваль өтті. Жұрт оны үлкен қызығушылықпен қабылдады. Былтыр өткен фестиваль «Өртеке» күйіне арналды. Бұл күйдің феномені әлі күнге дейін ғалымдардың назарын аударады, өйткені өртеке бейнесі – адаммен бірге ежелгі петроглифтер дәуірінен бастап келе жатқан киелі мәнге ие. Осының нәтижесінде Қарағанды облысы

болды, – деді Рустам Музафаров.

Оның айтуынша, бүгінде ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізімінде 150 елден 788 элемент енген. Ал Қазақстан бұл тізімге 14 элементімен еніпті. Мұндай тізімге ену үшін мәдени мұра шынайы өмірде де сақталып, қолданыста болуы маңызды. Сондықтан, біздің өлкемізде дамуы мен қолдауды қажет ететін өміршең элементтерді айқындау жоспарланып отыр. Олар болашақта Бүкіләлемдік мұра тізіміне енуі әбден мүмкін.

Қазақстан 1992 жылдан бері ЮНЕСКО құрамында. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ноян Жүнісов еліміз Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияға қосылып, материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялағанын атап өтті.

– Бізде 2026-2028 жылдарға арналған ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау және ілгерілету жөніндегі кешенді жоспар әзірленіп, іске асырылуда. Бұл жұмысқа әкімдіктер, жоғары оқу орындары, ғылым, мәдениет ұйымдары және үкіметтік емес ұйымдар қатысады. Біз жүйелі түрде тірі мұраға қатысты өзекті мәселелерді қарастырып, спорттық, шығармашылық және ғылыми бағыттағы іс-шаралар өткізетін жұмыс тобын құрамыз. Басты мақсатымыз – ортақ жұмысты үйлестіру және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіруге ықпал ету, – деді Ноян Жүнісов.

Мәдени мұра халықпен бірге жасасуы қажет. Олай болмағанда мұра жойылып кетуі мүмкін. Семинар барысында Рустам Рахимұлы елімізде киіз үйді толық жасап шығара алатын он шақты ғана шебер қалғанын атап өтті. Ал қазақтың түкті кілемін тоқумен айналысатын бар болғаны төрт колөнер шебері бар екен. Олардың ең үлкенінің жасы 80-де.

– Біз үшін қымбат әрі маңызды мұраны сақтап, дамыту қажет. Мұраны сақтау үшін жүйелі әрі бірлескен жұмыс керек. Әйтпесе, тірі мұра тек музей сөрелерінде ғана қалып, бірегей туындыларды жасайтын адам табылмай қалуы мүмкін, – деп түйіндеді Рустам Музафаров.

Сондай-ақ, облыстық демалыс және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшісі Индира Канафина материалдық емес мәдени мұраларды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде өңірдегі шеберлердің еңбегі зор екенін атады. Олар ата-бабамыздан қалған мұраларды ұмытпай, әрі қарай жалғастырып, жастарды үйретіп келеді.

Мәдени мұра сонда ғана өміршең болмақ. Семинарға қатысушылар осындай ортақ ой өрбітті. Сонымен қоса, қазақтың ұмыт қалған бірқатар салт-дәстүрлерін тізімге енгізуді ұсынды.

Суретті түсірген автор

ХОККЕЙ

«Құлагерді» сүріндірді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы өз алаңында Петропавлдың «Құлагер» клубын жеңіп, турнир кестесінде ІІІ орынға көтерілді. Қос ойынның қорытындысы бойынша жеңіс 4:2 және 5:1 есебімен алаң иелерінің пайдасына шешілді.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы кездесуде қарсыластар қарсылық танытып бақты. Екі айналым бойы салған шайбаға қарымта қайтарып, таразы басын теңестірумен келді. Бірақ, жерлестер соңғы шешуші кезеңде екі шайба салып, жеңісті жұлып алды. Осылайша алғашқы кездесу алаң иелерінің пайдасына шешілген болатын.

Ал, қарымта кездесуде жерлестер мүлдем басқа ойын өрне-

гін көрсетті. Әуелі, қарсыластар бар-жоғы ойынның 2-минутында есеп ашқан-тын. Бірақ, жерлестер бірінші айналымның аяқталуына 2 минут қалғанда таразы басын теңестіріп үлгерді. Бұл жолы көзге түскен – Егор Наместников.

Екінші айналымнан бастап, алаң иелері басымдыққа ие болды. Қос қапталдан кезек шабуыл ұйымдастырып, барынша қарсылас қақпасының маңайын торуылады. Нәтижесінде, екінші айналымда үш шайба салып, есепті 4:1-ге жеткізді. Соңғы айналымда

Егор Наместников шешуші шайба салып, осы ойындағы үш голдың авторы атанды.

Қазіргі таңда жерлестердің турнирлік кестедегі орны көңіл көншітеді. 12 ойында 16 ұпай жинап, үздік үштіктің қатарына енді. Ал, «Құлагер» жерлестерден жеңілсе де, еншілерінде 16 ұпайы бар. Бірақ, қарағандылықтардан бар болғаны шайба айырмашылығымен ғана бір саты төмен тұр. Турнирлік кестенің көшін 21 ұпаймен «Торпедо» клубы бастаса, елордалықтар 20 ұпаймен ІІ орында.

Айта кетейік, биылғы маусымда Pro Hockey League чемпионатында 10 команда бақ сынауда. Әр команда бір-бірімен өз алаңында да, қарсыластың алаңында да екі реттен кездеседі. Яғни, әр жұп бір командалмен толыққанды төрт кездесу өткізеді. Сәйкесінше, турнирлік кестеде жоғары орындарды иеленген үздік сегіз команда маусым соңында плей-офф кезеңіне жолдама алады. Ал, «Сарыарқа» тек плей-оффқа ғана емес, актық кезеңге дейін сүрінбей жетеді деген сенім мол.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ФУТЗАЛ

«Тұлпардың» тұғырлы жеңісі

Қарағандылық «Тұлпар» футбол командасы ел чемпионатындағы кезекті кездесуін өткізіп, жеңіске жетті. Бұл жолы жерлестер өз алаңында «Шымкент» командасын қабылдап, қарсыластарынан 7:3 және 6:1 есебімен басым түсті. Осылайша «Тұлпар» өз алаңында ұпай жоғалтпай, турнир кестесіндегі ІІІ орынын сақтап қалды.



Жерлестердің қарқыны қатты. Әсіресе, өз алаңында өткен соңғы ойындарда ұпай жоғалтпай келеді. Осы жолы да «Шымкенттіктерге есе жібермейді» деп күткен едік. Сенімге селкеу түсірген жоқ.

Алғашқы кездесуде жерлестеріміз айқын басымдық танытты. Әуелі бірінші таймда қарсыластың қарқынын бағамдай отырып, шабуылды екпіндете түсті. Нәтижесінде, төрт гол са-

лып үлгерді. Дегенмен, шымкенттіктер жеңісті онайлықпен берсе қойған жоқ. Төрт голға үш голмен жауап қайтарып, есеп алшақтығын қысқартты. Алғашқы тайм алаң иелерінің пайдасына шешілді. Есеп – 4:3.

Ойынның екінші жартысында алаң иелері тізгінді қолдан шығармады. Қарсыластың осал тұсын дөп басып, қос қапталдан үздіксіз шабуыл ұйымдастырды. Қарқыны үдей түсіп, қарсылас

қақпасына қысымды күшейте түсті. Нәтижесінде, жерлестер матч соңына дейін үш бірдей гол салып, айқын басымдықпен жеңіске жетті.

Ал, қарымта кездесуде алаң иелері мүлдем басқа деңгей көрсетті. Қарсыластарға шабуыл жасауға мүмкіндік берген жоқ. Қорғаныста да сауатты ойнады. Ойынның алғашқы айналымында жерлестер қарсылас қақпасына үш гол салса, шымкенттіктер тек бір ғана голмен жауап қайтарды. Таблодағы көрсеткіш – 3:1.

Жерлестер екінші айналымда тағы да үш гол салып, 6:1 есебімен қарсыластарын ойсырата жеңді. Осылайша «Тұлпар» кезекті қарсыластарын жеңіп, турнирлік кестедегі орнын сақтап қалды. Қазіргі уақытта үздіктер көшін «Ақтөбе» клубы бастап тұр. Еншілерінде 18 ұпай. Одан кейінгі сатыда – «Семей» клубы. Олардың да қоржынында 18 ұпай.

Қазіргі таңда бұл чемпионатта 12 команда бақ сынауда. Жарыс форматына сәйкес, әр команда маусым барысында қарсыластарымен екі мәрте кездеседі. Бір ойынды өз алаңында, екіншісін сырт алаңда өткізеді.

Өз тілшімізден

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген				«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 512 №111 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ							